

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күніне азаматтардың жекелеген санаттарына жыл сайынғы біржолғы материалдық көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған II сессиясының 2012 жылғы 16 сәуірдегі N 41 шешімі. Қарағанды қаласының Әділет басқармасында 2012 жылғы 24 сәуірде N 8-1-153 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған XLI сессиясының 2014 жылғы 27 қарашадағы № 363 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды қалалық мәслихатының V шақырылған XLI сессиясының 27.11.2014 № 363 (алғашқы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы" Заңына сәйкес және Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнін мерекелеуге байланысты, Қарағанды қалалық мәслихаты **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. Азаматтардың келесі санаттарына Жеңіс күніне жыл сайынғы біржолғы материалдық көмек көрсетілсін:

1) Ұлы Отан соғысына қатысушыларға, мүгедектеріне;
2) қорғанысына қатысу жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелді қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына;

3) Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Совет Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдама құрамаларының адамдарына;

4) екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындарына;

5) қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін

" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған
а з а м а т т а р ғ а ;

6) Ұлы Отан соғысында қаза тапқандардың (хабарсыз кеткен, қайтыс болған)
қайтылап некеге отырмаған зайыбына (жұбайына);

7) жалпы ауруға шалдығу, еңбек ету кезінде зақымдану нәтижесінде қайтыс
болған соғыс мүгедектері мен соғысқа қатысушыларының екінші рет некеге
тұрмаған әйелдеріне (күйеулеріне);

8) Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери
қызметі үшін бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының
ордендері және медальдарымен марапатталған тұлғаларға;

9) 1941 жылдың 22 маусымы мен 1945 жылдың 9 мамыры аралығында алты
айдан кем емес жұмыс істеген (қызмет еткен) және Ұлы Отан соғысы жылдары
тылда жанқиярлық еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы Кеңестік
Социалистік Республикалар Одағының ордендерімен және медальдарымен
марапатталмаған тұлғаларға.

2. Осы шешімді жүзеге асыру бойынша Қарағанды қаласының әкімдігіне
қажетті шараларды қабылдау ұсынылсын.

3. Материалдық көмек көрсету шығындары "Жергілікті өкілетті органдардың
шешімі бойынша азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек" 007
бағдарламасында қаралған қаражат есебінен қаржыландырсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау еңбек, әлеуметтік саланы дамыту
және халықты әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша тұрақты комиссияға
жүктелсін (төрағасы Жанділ Ахуанұлы Мұхтаров).

5. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі
және 2012 жылдың 1 сәуірінен бастап туындаған құқықтық қатынастарға
таралады.

V шақырылған Қарағанды
қалалық мәслихатының
кезектен тыс II сессиясының төрайымы Л. Айтмағамбетова

Қарағанды қалалық
мәслихатының хатшысы Қ. Оспанов

Келісілді:

"Қарағанды қаласының жұмыспен
қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімі" мемлекеттік мекеме бастығы Ж. Ысқақов

17.04.2012 ж.

